**Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір өкімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 маусым N 215 Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 312 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 29.08.2016 № 312 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір өкімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) "Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 2 шілдедегі N 3578 өкіміне ( Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1997 ж., N 30, 268-құжат):

аталған өкіммен бекітілген Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссия туралы ережеде:

6-тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) мемлекеттік нышандарды шығаруға, таратуға, насихаттауға, олардың әскери және өзге де атрибутикада пайдаланылуына байланысты мәселелерді қарайды;";

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) геральдикалық белгілер жобаларын қарайды және олар бойынша қорытынды береді.";

2) "Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссияның құрамын бекіту туралы" Президентінің 1999 жылғы 15 шілдедегі N 58 өкіміне :

аталған өкіммен бекітілген Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Ермұхамет Қабиденұлы Ертісбаев - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Қоғамдық-саяси бөлімінің меңгерушісі, комиссия төрағасының орынбасары

Жапсарбай Ілиясұлы Қуанышев - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының кеңесшісі, комиссияның хатшысы

Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұлов — Қазақстан Республикасы Білім және ғылым бірінші вице-министрі

Керім Пірімқұлұлы — Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің төрағасы

Еркін Тілекұлы Мергенов — Қазақстан Суретшілер одағының төрағасы

Владимир Александрович Лаптев — Астана қаласының бас сәулетшісі, Астана қаласы Сәулет және қала құрылысы департаментінің директоры;

аталған құрамнан Ақан Құсайынұлы Бижанов, Хасен Сейілханұлы Абаев, Ерлан Мұхтарұлы Арын, Байыр Фарденұлы Досмағамбетов, Сәуле Мұсақызы Жолдыбаева шығарылсын.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК